

Қамысты ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 қаңтардағы № 4 "2013 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2013 жылы 21 қазандағы № 292 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қарашада № 4299 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қамысты ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 қаңтардағы № 4 "2013 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4000 болып тіркелген, 2013 жылғы 8 ақпанда "Қамысты жаңалықтары – Камыстинские новости" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулыға кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2) тармақшасына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ғазиз Ғұмарұлы А х м е т ч и н г е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Бисимбаев